ҒТАХР 06.56.21
ӘОЖ 338.012
JEL L26, P25, M21

https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-4-514-528

**БОЛЫСБАЕВА А.К.,*[1]**
докторант.
*e-mail: a.bolysbayeva@zhubanov.edu.kz
ORCID ID: 0000-0002-2542-207X
**ТАСМАГАНБЕТОВ А.Б.,[1]**
PhD, қауымдастырылған профессор.
e-mail: aslandelo@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-0636-7498
**БОЛАТОВА Б.Ж.,[1]**
PhD, доцент.
e-mail: botagoz.bolatova@zhubanov.edu.kz
ORCID ID: 0000-0003-1597-0555
**ЗУПЕРКИЕНЕ Э.,[2]**
э.ғ.д., профессор.
e-mail: erika.zuperkiene@ku.lt
ORCID ID: 0000-0002-1505-0962
[1]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан
[2]Клайпеда университеті,
Клайпеда қ., Литва

# АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

**Аңдатпа**

Ауылдық жерлерді жастар кәсіпкерлігі арқылы дамыту нәтижесінде ұзақ перспективада тұрақты дамуға қол жеткізуге болады. Зерттеу жұмысының мақсаты – ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігінің динамикасын зерттеп, даму тенденциясын талдап, ішкі және сыртқы факторларын есепке ала отырып, жас кәсіпкерлерді қолдаудың стратегиялары мен ұсыныстарын әзірлеу. Зерттеу мақсатына жету үшін сандық және сапалық әдістер қолданылды. Соның ішінде статистикалық деректер бойынша Ақтөбе облысының ауылдық елді мекендеріндегі жастар кәсіпкерлігінің соңғы үш жыл ішіндегі динамикасына талдау жүргізілді. Осы статистикалық деректер негізінде Global Entrepreneurship Monitor (GEM) TEA (Total Early-Stage Entrepreneurial Activity) индексі әдістемесіне сүйене отырып, облыстың ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігі белсенділігінің индексі есептелінді. SWOT-талдау барысында ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігінің күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері талқыланды. TOWS-талдау нәтижесінде ішкі және сыртқы факторлардың үйлесімі арқылы стратегиялар әзірленді. Авторлар жастар кәсіпкерлігін дамыту стратегияларын құрастыру барысында кәсіпкерлік субъектілерінің, яғни осы зерттеу шеңберінде жастардың тұлғалық және кәсіби сипаттамаларын ескеру қажеттігін көрсетеді. Сонымен бірге кәсіпкерлік қызмет іске асырылатын жердің ерекшеліктері, яғни ауылдық елді мекендер мен қалалық аймақтар арасындағы бірқатар айырмашылықтарға ерекше назар аударылуы тиіс екенін негіздейді. Зерттеу нәтижесінде жас кәсіпкерлердің тұлғалық және кәсіби сипаттамаларына және ауылдық жерлердің ерекшеліктеріне бейімдей отырып, дифференциацияланған және жалпы кешенді стратегиялар құрастырылды. Зерттеудің нәтижелері жастар кәсіпкерлігі, ауылдық жерлерде жастар бизнесін дамыту мәселелері бойынша ғылыми жұмыстарда, сондай-ақ, оқу орындарында кәсіпкерлік білім беруде қолданыла алады.

**Тірек сөздер:** жастар кәсіпкерлігі, ауылдық жерлер, жас кәсіпкерлер, ауылдық кәсіпкерлік, агробизнес, жастар кәсіпкерлігінің SWOT-талдауы, жастар кәсіпкерлігі, дамыту стратегиялары.

**Кіріспе**

Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту – бұл перспективасы жоғары қадам. Өйткені кәсіпкерлік экономикалық өсуді қамтамасыз етуші негізгі факторлардың бірі ретінде әсіресе ауылдық жерлерде маңызды рөлге ие [1]. Кәсіпкерлік жұмыс орындарын, өмір сапасының артуын, инфрақұрылымның жандануын және инвестицияларды қамтамасыз етеді. Осылайша ауыл және қала территорияларының біркелкі, үйлесімді дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе жастар кәсіпкерлігі, ауылдардың экономикалық өсімін арттырудың және инновациялық дамытудың маңызды тәсілі [2]. Өскелең ұрпақтың өзгерістер мен жаңашылдықтарға, заманауи трендтерге тез бейімделгіштігі, икемділігі, мобильділігі және креативтілігі сияқты қасиеттері мен қабілеттеріне байланысты жастар кәсіпкерлігінің ауылдық елді мекендерді дамытуда әлеуеті зор. Осыған орай ауылдық елді мекендерде жастар кәсіпкерлігін дамыту мәселесі өзекті тақырыптарға айналып отыр.

Бүгінгі күні елімізде ауылдық жерлердің ең өткір мәселелерінің бірі – депопуляция, соның ішінде жастардың қалаға көші-қоны динамикасының артуы. Жас адамдардың, әсіресе ауыл жастарының еңбек нарығына қосылуы оңай емес. Өйткені ауыл жастарының алған мамандықтарына және өз күтілімдеріне сай жұмыс орнын табуы қиын [3]. Сондықтан да жастар еңбек нарығындағы ұсыныс пен сұраныс арасындағы дисбаланс жағдайында [4] ауыл жастарын еңбек нарығына интеграциялаудың негізгі тәсілі – жастар кәсіпкерлігі. Бұл тек жергілікті жас адамдардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясына ғана емес, сондай-ақ, басқа да жастарды ауылға тартуға көмектеседі [5].

Жастар кәсіпкерлігі ауылдық жерлерді дамытушы драйверге айналуы үшін жас кәсіпкерлер санын арттыру қажет. Ал жастардың кәсіпкерлік саласына көптеп қосылуы үшін тұрақты және қолайлы кәсіпкерлік экожүйе маңызды [6]. Ауылдық жерлердің ерекшеліктері, атап айтқанда, географиялық орны, жергілікті табиғи ресурстар, экологиялық ахуал, әлеуметтік орта, әлеуметтік капитал, нарық ерекшеліктері, әлеуметтік желілер, сондай-ақ, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сияқты факторлар ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік ортаны қалыптастырады. Ауылдық жерлердің кәсіпкерлік экожүйесінің өзіндік артықшылықтарымен [7], бірқатар проблемалық тұстары бар [8]. Бірқатар зерттеушілер ауылдық жерлер мен кәсіпкерлік арасындағы динамикалық байланысты талдай отырып, сыртқы физикалық және әлеуметтік-экономикалық орта сияқты ауылдық жерлердің негізгі сипаттамалары жергілікті кәсіпкерлікті дамытудың маңызды мүмкіндіктері мен әлсіз жақтары ретінде қарастырады [9].

Ауылдық және шалғай орналасқан аумақтардың, шағын қалалардың ірі қалалармен салыстырғанда әлеуметтік-экономикалық динамикасы бөлек болып келеді [10, 11]. Соның ішінде артықшылықтарымен қатар, дамытуды қажет ететін параметрлері де жеткілікті. Бұл параметрлердің бірі – кәсіпкерлік сегментінің тапшылығы. Адами капитал және ол орналасқан ауылдық жерлердің ерекшеліктері жергілікті кәсіпкерліктің артуына ықпал ететін негізгі факторлар екені белгілі [12].

Ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті зерттеу мүмкіндіктер жағынан ғана емес, сонымен бірге ресурстар көзқарасына негізделе отырып іске асырылуы қажет [13]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, кәсіпкерліктің географиялық орнына, яғни ауылдық жерлерде немесе қалалық террриторияларда іске асырылатынына байланысты ерекшеліктері болады. Олардың ішінде неғұрлым маңыздысы – ресурстар тапшылығы. Өйткені ауылдық территорияларда кәсіпкерлік қызмет көбіне көп ресурстар тапшылығы [14], атап айтқанда, жоғары білікті мамандар жеткіліксіздігі, заманауи технологиялардың жетіспеушілігі [15] кезінде іске асырылады.

Дегенмен ауылдық жерлердің адами капиталы, таза экологиялық ортасы, табиғи ресурстары [7] сонымен бірге мәдени және әлеуметтік ортасы сияқты көптеген артықшылықтары да бар. Бұл аталған ресурстар негізінде ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерге қажет экономикалық және құрылымдық мүмкіндіктер қалыптастыра алады.

Ауылдық жерлер мен қала арасындағы демографиялық, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері кәсіпкерлік ниетке, кәсіпкерлік қызметті бастап, іске асыруына ықпалын зерттеуге үлкен көңіл бөліну қажеттігі бірқатар зерттеулерде айтылған [11, 16, 17]. Сондықтан осы зерттеуде жастар кәсіпкерлігіне оның іске асырылатын жергілікті ортасы, яғни ауылдық жерлердің қалай әсер ететінін қарастыру маңызды.

Сонымен қатар ауылдық жердегі жастар кәсіпкерлігін неғұрлым тиімді дамыту үшін кәсіпкерлік субъектісінің, яғни жас адамдардың тұлғалық және кәсіби сипаттамаларын және кәсіпкерлік қызмет іске асырылатын ортаның, яғни ауылдың территориялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, дифференциаланған стратегиялар әзірлеу қажет.

Зерттеу объектісі – Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігі.

Бұл зерттеу жұмысының пәні – Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің қазіргі таңдағы деңгейін, соңғы жылдардағы көрсеткіштерін және болашақ әлеуетін зерттеп, оны дамыту тәсілдері.

Зерттеу жұмысының мақсаты – ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігінің динамикасын зерттеп, даму тенденциясын талдап, ішкі және сыртқы факторларын есепке ала отырып, жас кәсіпкерлерді қолдаудың дифференцияланған және кешенді стратегиялары мен ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін келесідей міндеттер алға қойылды:

- Ауылдық территорияларда іске асырылатын кәсіпкерлік және жастар кәсіпкерлігі тақырыптары бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасау.
- Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің соңғы үш жылдағы (2023–2025 жж.) динамикасын анықтау.
- Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің белсенділік индексін анықтау.
- Ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту потенциалына SWOT-талдау жүргізу.
- Ауылдардағы жастар кәсіпкерлігінің SWOT-талдау негізінде TOWS-талдау жасау арқылы стратегиялық ұсыныстар әзірлеу.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсатына жету үшін сандық және сапалық әдістер қолданылды. Зерттеу жұмысын әзірлеу барысында келесідей әдістер қолданылды:

- Құжаттарды талдау. Зерттеу мәселесі бойынша құжаттарға, соның ішінде ғылыми еңбектерге, есептерге талдау жасалынды. Нәтижесінде ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту мәселесіне қатысты негізгі мәліметтер, тенденциялар анықталды.
- Статистикалық талдау. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтерінің зерттеу мәселесі бойынша сандық көрсеткіштерге статистикалық талдау жасалынды. Бұл ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігінің даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар ауылдық жастар кәсіпкерлігінің диверсификациясына талдау жасалынды.
- Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің белсенділік индексін есептеу. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сандық деректері бойынша Global Entrepreneurship Monitor (GEM) TEA (Total Early-Stage Entrepreneurial Activity) индексі әдістемесіне негізделе отырып [18, 19, 20], Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің белсенділік индексі есептелінді.
- SWOT-талдау. Зерттеу мәселесіне байланысты құжаттарға, әдебиеттерге талдау жасау негізінде SWOT-анализ жасалынды. Бұл Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің күшті және әлсіз жақтарын, потенциалы мен тәуекелдерін анықтауға көмектесті.
- TOWS-талдау. Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің SWOT-талдау нәтижелеріне сүйене отырып, TOWS-талдау жасау арқылы ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша SO (күшті жақтары/мүмкіндіктер), ST (күшті жақтары/қауіптер), WO (әлсіз жақтары/мүмкіндіктер) және WT (әлсіз жақтары/қауіптер) стратегиялары әзірленді.

## Нәтижелер және талқылау

Ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамытуда негізгі кедергілердің бірі – жергілікті жас адамдар санының азаюы, яғни олардың қалаға көптеп көшіп кетуі. Ақтөбе облысы бойын-

ша жастар санының динамикасын қарастыратын болсақ, ауылдық жастар көрсеткішінің жыл сайын төмендеп жатқанын, яғни «қала – ауыл» теңгерімсіздігін байқаймыз. 2020 жылдан бастап алты жыл ішінде Ақтөбе облысы бойынша жастар саны біртіндеп баяу қарқынмен төмендеген. Облыс бойынша 2020 ж. ауылдық жастар үлесі 29,1% құраса, 2025 ж. 24,6%-ға дейін азайған. Алайда 2021 жылмен салыстырғанда 2022 ж. күрт төмендеп, 25,8% құраған (1-кесте).

Кесте 1 – 2020–2024 жж. Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар саны

| | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. | 2023 ж. | 2024 ж | 2025 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ауыл жастары саны | 80381 | 79397 | 68866 | 67949 | 67364 | 65 875 |
| Облыс бойынша жастардың жалпы саны | 275909 | 273548 | 267103 | 266789 | 266835 | 267 724 |
| Ескертпе: Авторлармен [21, 22] дереккөздер негізінде құрастырылды. | | | | | | |

2019–2024 жж. Ақтөбе облысының ауыл жастарының көші-қоны тұрақты теріс сальдо көрсетіп отыр. Алты жыл ішінде келгендер саны 5527-ден 3825-ға дейін азайған. Қарастырылып отырған жылдар шеңберінде келгендер бойынша ең төменгі көрсеткіш 2023 ж. 3330 адамды көрсетіп отыр.

2019–2023 жж. бойынша жыл сайын ауылдық жерлерден көшіп кеткен жастар саны көшіп келгендерден шамамен 1,4 есе болса, 2024 ж. 1,7 есе жоғары болған. 2023 ж. алты жыл динамикасындағы келгендер мен кеткендер арасындағы ең аз айырмашылық, яғни 1547 құрап отыр. 2024 ж. елімізде жастардың миграциясы өткен жылмен салыстырғанда 27,3%-ға артып, біздің облыстың ауыл жастарының да арасында орын ауыстырғандар көбейген. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаменті мәліметтері бойынша 2024 ж. қаңтар-желтоқсан аралығында келгендер саны – 3825, ал кеткендер саны – 6660. Осылайша миграциялық теріс сальдо – 2835 құрады (1-сурет).

Осылайша облыста ауылдық жерлерде жастар санының азаюы тенденциясы және тұрақты теріс миграциялық сальдо – жас кәсіпкерлер тобын арттыруға кері ықпал ететін негізгі демографиялық факторлардың бірі.




Сурет 1 – Ақтөбе облысындағы 14–34 жас аралығындағы халық миграциясы

Ескертпе: Авторлармен [21] дереккөз негізінде құрастырылды.

Кәсіпкерлік ауыл өмірін, экономикасын және инфрақұрылымын жетілдірудегі драйвер рөлін атқарады. Жастар өздерінің инновацияшылдығы, жаңашылдықтар мен өзгерістерге тез

бейімделгіштігі сияқты қасиеттері мен қабілеттеріне байланысты ауылдық елді мекендердің дамуына жаңа серпін бере алады. Алайда, қазіргі таңда ауылдық елді мекендерде бар мәселелердің бірі жастар кәсіпкерлігінің әлсіз дамуы болып отыр. Төмендегі 2-суреттен Ақтөбе облысының ауылдық жерлерінде жасы 35 жасқа дейінгі дара кәсіпкерлер санының төмендеу тенденциясы байқалады. Бұған ауылда жастар санының тұрақты азаюы және теріс миграциялық сальдо әсер етеді. 2023 жылмен салыстырғанда 2025 ж. (сәуір) тіркелген жас дара кәсіпкерлер саны 1579-ға (24,4%-ға), ал олардың жұмыс істеп тұрғаны 1588 (25,2%-ға) азайған (2-сурет).




Сурет 2 – 2023–2025 жж. (сәуір) ауылдық елді мекендердегі 35 жасқа дейінгі дара кәсіпкерлердің Қазақстан бойынша жалпы саны және Ақтөбе облысы бойынша үлесі

Ескертпе: Авторлармен [23] дереккөз негізінде құрастырылған.

Кәсіпкерліктің экономиканы әртараптандырудағы рөлін ескере отырып, қазіргі таңда ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігінің диверсификациясына талдау жасау маңызды зерттеу бағыты болып табылады. Төмендегі 3-суретте Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің 3 жыл ішіндегі динамикасы бойынша сандық өзгерістер айқын байқалатын салалары көрсетілген. Бұл суреттен жастар кәсіпкерлігін әрі қарай әртараптандыру, сондай-ақ, жалпы дамыту процесімен қатар, жекелеген салаларына басымдық беру қажеттігі байқалады. Ақтөбе облысының ауылдық жерлерінде де жастар кәсіпкерлігінің құрамында басқа облыстарда сияқты көтерме және бөлшек саудада сату, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу, ауыл, орман және балық шаруашылығы, сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібі басымдығы сақталып отыр. Ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру үшін аса маңызды денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, бос уақытын мәдени өткізу салалары бойынша жастар кәсіпкерлігі әлі де тапшылық көрсетіп отыр.

2023 жылмен салыстырғанда 2024 ж. барлық қызмет салалары бойынша жастар кәсіпкерлігінің саны азайған. Әсіресе өнер, ойын-сауық, демалыс, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, сондай-ақ, білім беру салаларындағы жас кәсіпкерлер саны төмендеген.

2025 ж. жастар кәсіпкерлігінің жекелеген салаларында ғана оң өсім анықталды. Соңғы бір жыл ішінде білім беру, көлік және жинақтау салаларында ғана оң динамика бар. Алайда бұл оң өзгерістер жас кәсіпкерлердің жалпы санын жоғары қарқынмен көбейте алмайды. Өйткені ауылдық жерлердегі жастар кәсіпкерлігінің құрамындағы негізгі салалар бойынша кему тенденциясы сақталып отыр.

Жалпы алғанда, 2023 жылмен салыстырғанда 2025 ж. көлік және жинақтау бойынша ғана жас дара кәсіпкерлер саны жоғарылаған. Жастар кәсіпкерлігінің құрылымындағы негізгі салалар, яғни өңдеу өнеркәсібі 29,1%-ға, сауда-саттық, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу 21,9%-ға, сондай-ақ ауыл, орман және балық шаруашылығы 16,4%-ға азайған. Кері динамика неғұрлым тән сала – кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласы, бұнда 35 жасқа дейінгі дара кәсіпкерлер саны 52,1%-ға төмендеген (3-сурет).




Сурет 3 – 2023–2025 жж. бойынша Ақтөбе облысының ауылдық елді мекендерінде 35 жасқа дейінгі дара кәсіпкерлер санының қызмет салалары бойынша динамикасы

Ескертпе: Авторлармен [23] дереккөз негізінде құрастырылған.

Зерттеу барысында Global Entrepreneurship Monitor (GEM) TEA (Total Early-Stage Entrepreneurial Activity) индексі әдістемесіне [18, 19, 20] негізделе отырып, зерттеу мәселесіне бейімдеп, 2024 және 2025 жж. басындағы статистикалық мәліметтер бойынша ауылдық жерлердегі жастар кәсіпкерлігінің белсенділік индексі есептелінді.

Total early-stage Entrepreneurial Activity (TEA) индексі 18–64 жастағы халық ішіндегі ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен жаңа бизнес иелері-менеджерлерінің үлесін көрсетеді [18, 19, 20].

Ауылдық жерлердегі жастар кәсіпкерлігінің белсенділік индексі ауыл жастарының арасында жұмыс істеп тұрған жас дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың пайызы ретінде анықталды. Бұл көрсеткіш жастардың кәсіпкерлік қызметке қосылу деңгейін көрсетеді және Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің дамуына талдау жасайды. Индекс 2024 және 2025 жж. басындағы статистикалық мәліметтер бойынша есептелінді.

Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің белсенділік индексі (ЖКБ)

$$\text{ЖКБ} = \frac{x + y}{N} \cdot 100\% \quad (1)$$

Мұнда:

*x* – облыстың ауылдық жерлерінде жұмыс істеп тұрған 35 жасқа дейінгі дара кәсіпкерлер саны;

*y* – облыстың ауылдық жерлерінде жұмыс істеп тұрған меншік иелері (100%) 35 жасқа дейінгі заңды тұлғалар саны;

*N* – облыстағы ауыл жастарының жалпы саны.

2024 жылғы Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің белсенділік индексі $= \frac{5776 + 149}{67364} \cdot 100\% = 0{,}08795 \cdot 100\% \approx 8{,}79\%$.

2025 жылғы Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігі белсенділік индексі $= \frac{4954 + 145}{65875} \cdot 100\% = 0{,}07740 \cdot 100\% \approx 7{,}74\%$.

Осылайша 2024 ж. облыстың ауылдық жерлеріндегі жас кәсіпкерлер белсенділігінің индексі 8,79% болса, 2025 ж. бұл көрсеткіш төмендеп, 7,74% құрады.

Соңғы бес жылдықтағы отандық авторлар еліміздегі жастар кәсіпкерлігінің күшті және әлсіз жақтарына жасаған талдау жұмыстарында көбінесе жастардың жоғары бастамашылық белсенділігі, инновациялық ойлауы, жоғары деңгейдегі ұтқырлығы, жаңа нарықты игеруге тез жауап бере алуы, тәуекелге бейімділігі, өндіріс пен нарықтың өзгермелі талаптарына сәйкес өздерінің кәсіпкерлік білімдерін жүйелі жаңарту мүмкіндіктері, сондай-ақ, аса көп жүктемелер мен жұмысқа төзімділігі сияқты қасиеттер мен қабілеттерді артықшылықтары ретінде көрсетеді. Ал жастар кәсіпкерлігінің әлсіз жақтары ретінде олардың әлеуметтік тәжірибесінің аздығы, іскерлік белсенділігінің төмендігі, экономикалық заңдар мен тетіктерді қолдануда практикалық дағдыларының әлсіздігі, бизнес ортада танымал болмауы, сонымен қатар бастапқы капиталды қалыптастыру мәселесі сияқты проблемалық тұстарды қарастырады [24, 25, 26]. Авторлар анықтаған жастар кәсіпкерлігінің күшті және әлсіз жақтары жастардың тұлғалық қасиеттеріне және сыртқы факторлардың әсерімен қалыптасатын жеке сипаттамаларына байланысты.

Бірқатар зерттеушілер еліміздің агробизнес саласына SWOT-анализ жасаған. Олар анықтаған агробизнестің артықшылықтарын географиялық, экономикалық және әлеуметтік факторлар деп үлкен топтарға бөліп қарастыруға да болады. Табиғи ресурстар мен қолайлы географиялық орта, шикізаттың қолжетімділігі, экспортқа шығу мүмкіндігі, ішкі нарықта үлкен сұранысқа ие болу, сондай-ақ, дәстүрлі білімдердің жоғары деңгейі сияқты күшті жақтары көрсетіледі. Ал агробизнестің әлсіз тұстары ретінде инфрақұрылымның тозуы, заманауи технологиялардың жетіспеушілігі және климат жағдайларына тәуелділігі сияқты факторларды келтіреді. Нарық ауқымын одан әрі ұлғайту, табиғи ресурстарды оңтайлы қолдану және жұмыс орындарының көбеюі сияқты факторлар мүмкіндіктері ретінде қарастырылған. Керісінше, агробизнесті дамытуға кері ықпал ету қаупі бар деп бағалардың ауытқуы, заманауи технологиялардың бағасының қымбатшылығы, тиімсіз сауда тәжірибелері және жаһандық бәсекелестік сынды себептер талқыланады [15].

Соңғы келтірілген SWOT-талдауда зерттеу мәселесіне сай агробизнестің ішкі және сыртқы факторлары талданады. Бұл деректер ауылшаруашылық саласындағы жастар кәсіпкерлігін зерттеуде аса маңызды. Алғашқы келтірілген SWOT-анализ мысалдарында кәсіпкерлік қызмет іске асырылатын географиялық орны бойынша емес, жалпы жастар кәсіпкерлігіне талдау жасалған. Бұл жастар кәсіпкерлігінің жалпы жағдайын анықтауға маңызды. Біздің зерттеу мәселесіне сәйкес, барлық экономика секторларындағы жастардың кәсіпкерлік қызметіне талдау жасау қажет. Сонымен бірге, жоғарыда айтып өткеніміздей, ауылдық жерлердегі жастар кәсіпкерлігі қалалық жастар бизнесінен бірқатар айырмашылықтарға ие. Сондықтан осы зерттеуде ауылдық жерлердің ерекшеліктері мен олардың жастар кәсіпкерлігіне әсерін ескере отырып, SWOT-талдау жасау қажет. Бұл ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамытуға арналған стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Елімізде кәсіпкерлікті, сонымен қатар ауылдық жерлердегі жастар кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар нәтижелі іске асырылуда. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жж. арналған тұжырымдамасында келтірілген SWOT-талдауда «Ауыл – ел бесігі», «Дипломмен ауылға» сияқты ауылдық жерлерді дамыту бойынша арнайы бағытталған бағдарламалардың ауылдарды, ауылдық кәсіпкерлікті дамытуда маңыздылығы қарастырылады [27]. Бес жылдың ішінде Ақтөбе облысының 83 ауылында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы негізінде 29 млрд теңге көлемінде 195 жоба іске асырылған. Бұл бағдарлама Ақтөбе өңірінің 187 елді мекенін қамтыған. Оның мақсаты ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдарды тұрақты дамыту болып табылады. «Ауыл

– ел бесігі» бағдарламасы ауылдық жерлердің өзекті мәселелерін шешіп, оң өзгерістер әкелуде. Әлеуметтік маңызы бар жолдар, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт объектілері салынуда, елді мекендерді су және газбен қамтамасыз ету, аумақтарды абаттандыру, сонымен бірге жұмыс орындарын құру мәселелері шешілуде [28].

Кесте 2 – Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің SWOT-талдауы

| Күшті жақтары: | Әлсіз жақтары: |
|---|---|
| - жастардың белсенділігі [24, 25, 26];<br>- креативтілігі мен инновацияшылдығы [24, 25, 26];<br>- жоғары мобильділігі [24, 25, 26];<br>- жаңашылдықтарды тез игеруі [24, 25, 26];<br>- сыртқы орта жағдайларына және өзгерістерге тез бейімделуі [24, 25, 26];<br>- тәуекелдерге бару дайындығы [24, 25, 26];<br>- ауыр жүктемелер мен қиын жұмысқа төзімділік [24, 25, 26];<br>- жастар еңбек нарығында ең ұзақ қызмет ете алу перспективасына ие. | - төмен бизнес мотивациясы [24];<br>- кәсіпкерлік қызметін іске асыруға қажет білімдердің жетіспеушілігі [24, 25, 26];<br>- бизнес ортада беделді болмауы [25, 26].<br>- әлеуметтік ортасында жоғары білікті мамандар мен тәжірибелі кәсіпкерлердің болмауы немесе тапшылығы [24];<br>- жастардың бизнестегі сәтсіздіктерден қорқынышы. |
| Мүмкіндіктер: | Қауіптер: |
| - жас кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен жобалары;<br>- ауылдық жердерді дамыту бойынша арнайы бағытталған бағдарламалардың іске асырылуы [27];<br>- жас кәсіпкерлерді қолдау орталықтары;<br>- отбасы қолдауы;<br>- тұрақты жас кәсіпкерлер қауымдастықтарын құру;<br>- университеттерде кәсіпкерлік қызметке қажет білім берілуі;<br>- бизнес-білім беруде ауылдық жерде кәсіпкерлік қызмет іске асыруға қажетті ақпаратқа көбірек мән беру;<br>- ауылдық жерлердің таза экологиясы мен табиғи ресурстары;<br>- инфрақұрылымдық нысандарды дамыту;<br>- инновациялық технологияларды енгізу және дамыту;<br>- ауылдық туризмді дамыту [30];<br>- кәсіби мамандарды ауылға жұмыс жасауға шақыру. | - нарықтың және бизнес-трендтердің үнемі өзгеруі;<br>- ауылда кәсіби мамандардың аздығы;<br>- ауылдың инновациялық және технологиялық дамуының әлсіздігі;<br>- ауылдық жерлерде инфрақұрылымның тозуы және баяу дамуы [15];<br>- агробизнестің табиғи орта жағдайларына, климатқа қатты тәуелділігі [15];<br>- заманауи технологиялар бағасы жоғарылығы [15];<br>- кейбір ауылдардың облыс және аудан орталықтарынан алыс орналасуы;<br>- кейбір ауылдарда Интернет әлсіздігі;<br>- ауылда бәсекелестік төмендігі жас кәсіпкерлердің даму мотивациясын баяулатуы;<br>- жастардың қалаға көптеп көшіп кетуі, ауылдан келген студенттер білімін аяқтап, қалаға тұрғылықты орналасуы;<br>- тауарлар мен қызметтерге сұраныс азаюы;<br>- табиғи ресурстардың сарқылу қаупі [27];<br>- ауылда «өзін-өзі жұмыспен нәтижесіз қамтыған адамдар» үлесі жоғарылығы [27];<br>- ауылда табыс мөлшері қала деңгейінен төмен [27];<br>- ауылда кедейлік деңгейі қаламен салыстырғанда жоғарылығы [27]. |
| Ескертпе: Авторлармен [15, 24, 25, 26, 27, 30] дереккөздер негізінде құрастырылған. | |

Еңбек кадрлары санындағы айырмашылық ауыл мен қаланың дамуындағы алшақтықты одан әрі көбейтіп, жастар кәсіпкерлігінің дамуына кері әсер етеді. Ауылдарда мамандар санының тапшылығы мәселесін шешуде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы маңызды рөл атқарады. Бұл бағдарлама аясында ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласындағы, агроөнеркәсіптік кешеніндегі мамандар және мемлекеттік қызметшілер тапшылығы проблемасын оңтайландыруда.

Жергілікті ортаның тұрғын үйлерінің, жолдарының, Интернет және телефон байланысының, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің, сонымен бірге сауда-саттық орындарының және мәдени орталықтарының жағдайы кәсіпкерлердің қызметіне тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда Ақтөбе облысының ауылдарында инженерлік коммуникациялар қарқынды дамытылуда. Интернет-инфрақұрылымның дамуы да 2025 ж. жаңа жоғары деңгейге жетуі жоспарлануда.

Атап айтсақ, 27 ауыл интернетке қосылып, жалпы қолжетімділік деңгейін 98,8%-ға дейін арттырады, осыған қоса 2024 жылдың соңына дейін мобильді интернет 20 ауылда пайда болады, бұл қамту деңгейінің 96,3%-ға дейін артуын қамтамасыз етеді [29].

Ақтөбе облысында экотуризм саласындағы кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндігі жоғары. Бірқатар зерттеушілер өңірде ауылшаруашылығының бірқатар перспективалық сфераларын, сондай-ақ ауылдық кәсіпкерлер хайуанаттар бағы сияқты салалары бар туристтік және экологиялық фермалар құра алады деп есептейді. Авторлар Ақтөбе облысының аграрлық секторында омарташылық, маралдарды өсіру сияқты жаңа қызмет түрлері қалыптаса бастағанын, әрі дәстүрлі ауылшаруашылық салаларын дамытуды қайта қалпына келтіру бойынша жағдайлар жасалынып жатқанын көрсетеді [30].

Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің SWOT талдауының негізінде TOWS-матрица құрастырылды. TOWS-талдау ішкі және сыртқы факторларды үйлестіре отырып, жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша страгегиялық ұсыныстар әзірленді. Бұл зерттеуде келтірілген SWOT-талдауының келесі мәліметтері қарастырылды:

Күшті жақтары: креативтілігі мен инновацияшылдығы; жаңашылдықтарды тез игеруі; сыртқы орта жағдайларына және өзгерістерге тез бейімделуі; жоғары белсенділігі [24, 25, 26].

Әлсіз жақтары: әлеуметтік ортасында жоғары білікті мамандар мен тәжірибелі кәсіпкерлердің болмауы немесе тапшылығы [25]; кәсіпкерлік қызметін іске асыруға қажет білімдердің жетіспеушілігі [24, 25, 26]; бизнес ортада беделді болмауы [25, 26]; төмен бизнес мотивациясы [24]; жастардың бизнестегі сәтсіздіктерден қорқынышы.

Мүмкіндіктер: ауылдың таза экологиясы, табиғи байлықтары; ауылдарға инновациялық технологияларды енгізу; жас кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен жобалары; жас кәсіпкерлерді қолдау орталықтары; бизнес-білім беру бағдарламаларына көбірек ауылдық жердегі кәсіпкерлік туралы мәлімет қосу; тұрақты жас кәсіпкерлер қауымдастықтарын құру.

Қауіптер: агробизнестің табиғи орта жағдайларына, климатқа қатты тәуелділігі [15]; нарықтың және бизнес-трендтердің үнемі өзгеруі; ауылда бәсекелестіктің әлсіз болуы; табиғи ресурстардың сарқылу қаупі [27].

Кесте 3 – Ақтөбе облысының ауылдық жерлеріндегі жастар кәсіпкерлігінің TOWS-талдауы

| SO strategies | WO strategies |
|---|---|
